











4. Жұмыс беруші - №103 жалпы орта мектеп директоры Шоқаков Б.

«Қазақстан тарихы, қоғамдық пәндер және география» кафедрасының әдістемелік комиссиясында (2016 жылдың \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ хаттама) және мәжілісінде (2016 жылдың \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ хаттама) талқыланып, бекітуге ұсынылды.

**5B011600-География мамандығының  
МОДУЛЬДІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Мамандығы:** 5B011600 – География

**Білім беру бағдарламасының деңгейі:** Бакалавриат.

**Академиялық дәреже:** 5B011600 – География мамандығы бойынша білім бакалавры.

**1. Білім беру бағдарламасының паспорты:**

**1.1 Біліктілік және лауазымдар тізбесі:**

5B011600 – География мамандығы бойынша жоғары білімнің кәсіби оқу бағдарламасын меңгеруде қорытынды аттестаттаудан табысты өткен тұлғаларға 5B011600 – География мамандығы бойынша «білім бакалавры» академиялық дәрежесі және (немесе) біліктілік беріледі.

Біліктілік пен лауазымдар Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 25 қараша 2010 жылғы №385-ө бұйрығымен бекітілген «Басшылар, мамандар және басқа қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына» және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен бекітілген «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына» сәйкес анықталады. (Егер бұдан жаңасы шыққан болса, соны қою керек).

**1.2 Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері:** Еліміздің экономикасының еңбек нарығында өркендеп даму мүмкіншіліктері мен жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыратын және білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін жоғары білім сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізуді мақсат етеді. Сол себепті, білім алушы саналы ұрпаққа сапалы білім беру. Дүниетаным, тіршіліктің ғылыми-философиялық, діни негіздері, адам өмірі және қызметінің мазмұны мен теориялық мәні туралы терең білім беру. Кәсіби қалыптасқан маман дайындау.

**1.3. Білім беру бағдарламасы түлегінің біліктілік сипаттамасы**

**Кәсіби қызмет саласы:** Білім беру, ғылым мекемелері, басқару органдары, жер ресурстары мен табиғат қорғау және экология ұйымдары, мемлекеттік қызмет және т.б.

**Кәсіби қызмет нысандары:** Оқу бітіруші түлектердің кәсіптік қызмет объектісіне жалпы білім беретін мектептер, лицей, гимназия, колледж, ғылыми-зерттеу орындары, шығармашылық ұйымдар, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар жатады.

**Кәсіби қызмет пәні:** Білім бакалаврының негізгі қызмет пәні заманауи корнекі құралдар мен инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, оқыту мен тәрбиелеу процесін өз дәрежесінде жүргізу.

**Кәсіби қызмет түрлері:** білім беру (педагогикалық): әр түрлі білім беру мекемелерінде география мұғалімі; мектепте экология мен экономика негіздерінен факультативтік сабақ және туристік өлкетану жұмысын ұйымдастырушы; ғылыми-зерттеу (ғылыми-зерттеу мекемелерде, яғни гидрология, сейсмология); жобалау (топографиялық түсірілім, карталар жасау); ұйымдастыру-басқару (орта мектептерде, гимназиялар мен лицей, колледждерде мамандығына тікелей қатысы бар мекемелерде).

**Кәсіби қызмет функциялары:** әр түрлі білім мекемелерінде (жалпы білім беретін орта мектептерде, гимназиялар мен лицейлерде, орта арнайы, техникалық, жоғары білім беру) қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен дәріс беру, мамандығына қатысты ғылыми, әдеби, мәдени шаралар ұйымдастыру.

**Кәсіби қызмет типтік міндеттері:** 5B011600 – География бакалавры келесі міндеттерді шешуге даярланған болу тиіс: адамға, қоршаған орта, ойлау мәдениетіне қарым-қатынасты реттейтін гуманитарлық мәдениет, этникалық және құқықтық нормаларын игерту; студенттің жеке білім бағдарламасын таңдауы; жоғары білімнің келесі баспалдағында білімді жалғастыру.